

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі және кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 17 қазанды № VII-26/203 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 6 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазанды № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібі осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентінің тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы

С. Нуркенов

Қарқаралы аудандық мәслихатының

2022 жылғы 17 қазанды

№ VII - 26/203

Шешіміне 1 қосымша

**Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі**

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қарағайлы кенті аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазанды № 1106 қаулысымен бекітілген "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік ережелеріне сәйкес әзірленді, және Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарағайлы кенті, Ақтерек ауылы (бұдан әрі - Қарағайлы кенті) көшелерінің тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді белгілейді.

## **2 тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Қарағайлы кенті аумағы көшелерге, көппәтерлі тұрғын үйлерге бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын Қарағайлы кенті көшелерінің, көппәтерлі тұрғын үйлердің өкілдері сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінің әкімі (бұдан әрі- Қарағайлы кентінің әкімі) шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелері туралы Қарағайлы кенті әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен ғаламтор - ресурстар, мобиЛЬДІ немесе үй байланыс желілері, мобиЛЬДІ қосымшалар мессенджерлері арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Олардың тұратын жерлері шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізуді Қарағайлы кентінің әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 1 тармағына сәйкес Қарағайлы кенті аумағында тұратын, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны Қарағайлы кентінде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Қарағайлы кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады. Қарағайлы кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Қарағайлы кенті тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Қарағайлы кенті әкімінің аппаратына беріледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттамасында:

- 1) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында өткізілетін күні мен орны;
- 2) көше шегінде тұратын және жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;
- 3) қатысушылардың саны және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім;
- 4) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны төрағасының және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі

Қарқаралы аудандық мәслихатының

2022 жылғы 17 қазандағы

№ VII - 26/203

Шешіміне 2 қосымша

**Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентінің, Ақтерек ауылы көшелері тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Қарағайлы кенті, Ақтерек ауылы, көшелерінің атауы	Көше өкілдерінің саны
	Қарағайлы кенті	
1	Қ.Сәтпаев көшесі	3
2	А.Ибраев көшесі	2
3	Н.Әбдіров көшесі	1
4	Талды көшесі	2
5	Н. Төлеубаев көшесі	1
6	Ж.Жұнісов көшесі	1
7	Кенді өлке көшесі	1
8	Б.Момышұлы көшесі	1
9	Абай көшесі	1
10	А.Машанов көшесі	1
11	23 орам	3
12	13 орам	1
13	Ақтерек ауылы, Школьная көшесі	1
	Жиыны	19

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК